**Косембай негізгі мектебіндегі**
**Дебат үйірмесінің 2021-2022 оқу жылы бойынша қорытынды**
**АҚПАРАТ**

Көсембай негізгі мектебінде жүргізілген 2021-2022 оқу жылындағы дебат жұмысы туралы: Аталған мектебімізде 2021 жылы «Руханият» дебат клубы «Жаны мен тәні үйлескен, Рухы мықты жастармыз!» ұрнымен ақылы негізде 0,5 штатпен ақылы негізде жұмыс жасады. Клуб бойынша екі фракция жұмыс жасады. Жалпы қамтылған бала саны-24. Мақсаты: оқушылардың сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлауға қабілетті, әлеуметтік жетілген, жауапкершілікті жас ұрпақты қалыптастыру, жас ұрпақтың бойында өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін дамыту, шешендік және пікірталас ережелерін үйрету. Аталған оқу жылында клуб мүшелері аудандық деңгейдегі ойындарға қатысып, өз өнерлерін көрсетті.
Жетекшісі Керей Айнагүл Мұхитқызы. Мектеп клубының Қатынасқан турнирлер мен іс-шараларына тоқталсақ: ҚР-ның 30 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған аудандық дебат клубының жетекшілері турнирі, 2021 жыл қараша. Бұл ойында жетекшісі Керей Айнагүл ІІІ орынмен, жеке "Үздік ұмтылыс" номинациясымен марапатталды. Сонымен бірге ҚР-ның 30 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған аудандық оқушылар турнирінде дебат клубының президенті, 8 кл - Нұрдаулетов Ш, спикері Серікбаев С алғыс хат және сыйлықтармен марапатталды. Үйірме жұмысында білім алушылар төмендегідей білімдерді меңгерді:
-Пікір сайыс деген не? Пікір сайыстың форматы қандай?
-Критерий-мақсат. Тақырыпқа мақсат қою;
-Аругементтер;
-Қарар;
-Дәлел;
-Жақтау кейсі;
-Даттау кейсі;
-Төрешілік етудің міндеттері туралы білімдері толығып, дебат ойынын ойнау ережелері туралы түсініктері қалыптасты. Барлық жылға жоспарланған сабақтар өтілді.

Дебат үйірмесінің жетекшісі: А.Керей